

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TRRQ6011>

***Г. М. Мамырбек¹, А. А. Хабиева²,
Ж. Б. Ермакова³, Ф. Б. Қожахметова⁴**

^{1,2}А. Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

³С. Сейфуллин атындағы Қазақ

агротехникалық зерттеу университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

⁴С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ

ұлттық медицина университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7399-2122>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8622-021X>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-4702-9686>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5629-4422>

*e-mail: gulfar76@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЖАЗБА КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ЕМЛЕ: ЖИНАҚТАУ, ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мақалада қазақ жазуы тарихында Үкімет тарапынан ресми қабылданған емле ережелері туралы ақпарат беріліп, қазіргі жазу нормасындағы өзгерістер мен ерекшеліктер туралы талданған. Ортологиялық құралдарды жетілдірудің ғылыми-теориялық негіздерін айқындау үшін бұқаралық ақпарат құралдарынан жинақталған эмпирикалық материалдар мен жоғары оқу орындары студенттерінен алынған диктант мәтіндеріне жасалған сараптама қорытындысы негізінде қазіргі жазба коммуникациядағы қиындықтар анықталған. Талдау барысында бір сөздің әртүрлі нұсқада таңбаланып жүру себептері қарастырылып, орфографиялық ережелерден ауытқып жазылып жүрген лексикалық бірліктер тізімі анықталды. Қазіргі жазармандар тарапынан кетіп жатқан қате түрлері айқындалып, оны шешудің жолдары ұсынылды. Орфографиялық сөздікте берілмеген, кейінгі кезде пайда болған тілдік қолданыстарды жазудағы әртүрлілік, оларды кодификациялау

жолдары талданды. Жазу – тілдік жүйесі мен құрылымы бар, әдеби тіл тұрғысынан орныққан тілдердің басты әрі негізгі құралы. Жазуда бірізділік сақталмаса, ол жазармандарды жазба коммуникацияда қиындықтарға ұшыратады. Сондықтан қоғам ортологиялық құралдарды басшылыққа алып, емле ережелеріне бағынып жүруі шарт. Мақаладағы зерттеу нәтижелері мен авторлар тарапынан жасалған ұсыныстар алда шығатын ортологиялық құралдарды жетілдіру ісіне белгілі бір деңгейде үлес қоса алады.

Кілтімі сөздер: емле ережелері, жазба коммуникация, жазу нормасы, ортологиялық құралдар, кодификациялау.

Кіріспе

Қазақ халқы жазу тарихында үш түрлі әліпбиді қолданғаны мәлім: араб, латын, кирилл. 1940 жылы кирилл графикасына көшумен байланысты емле заңдары қабылданды, он жеті жылдан кейін 1957 жылы ол емле заңдарына толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, Үкімет тарапынан ресми түрде бекітілді. Жиырма алты жылдан кейін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 1983 жылдың 25 тамызында «Қазақ орфографиясы негізгі ережелерінің жаңа нұсқасы» деген атаумен ресми түрде үшінші рет бікітілді. Осы емле ережесіне негізделген алғашқы Орфографиялық сөздік 1988 жылы жарыққа шықты. Содан бері күні бүгінге дейін емле ережесі ресми түрде бекітілген емес. Алайда 2001, 2005, 2007, 2013 жылдары шыққан Орфографиялық сөздіктерде жазу нормасындағы өзгерістер мен жаңашылдықтар енгізіліп, қалың көпшілікке ұсынылып келді. Десек те қазіргі жазу тәжірибесінде ортологиялық құралдарда (орфографиялық сөздік, анықтағыш, емле ережесі) көрсетілген жазу нормасын сақтамау, бір сөзді әртүрлі нұсқада беру тәрізді қиындықтар аз емес. Жазба коммуникацияда орын алып отырған мұндай қиындықтарды жүйелеп тіркеу, олардың жазылымын тұрақтандырып, бірізге түсіру аса маңызды.

Мақаламызда соңғы он жылдағы тілдегі өзгерістерді кодификациялау, қазақ орфографиясындағы қиындықтарды анықтау арқылы орфографиялық сөздікті, емле ережесін және анықтағышты жетілдіру мәселелерінің кейбір тұстарына тоқталмақпыз.

Материалдар мен әдістері

Мақаланың негізгі эмпирикалық материалы ретінде «Егемен Қазақстан», «Сарыарқа», «Астана ақшамы», «Saryarqa samaly» газеттерінен іріктеліп алынған тілдік деректер мен Алматы қаласындағы ЖОО орындарының 511 студентінен алынған диктант мәтіндерінің статистикалық мәліметтері қолданылды. Ортологиялық құралдарды жетілдіру үшін жазба коммуникациядағы өзгерістер нақты тілдік деректер

негізінде айқындалуы керек. Осымен байланысты қазіргі жастардың жазу сауаттылығындағы өзгерістер мен ерекшеліктерді және БАҚ-тағы жазу нормасындағы қарама-қайшылықтарды анықтау мақсат етілген болатын. Оларға сараптама жүргізу үшін жүйелеу, жинақтау әдістері, сөздердің қолданыс көрсеткішін анықтау үшін статистикалық әдіс, тілдік бірліктердің бұрынғы және қазіргі жазылымындағы өзгерістерін анықтау үшін салыстырмалы әдіс, жазу нормасына қатысты тұжырымдарды беруде сипаттау әдісі қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі жазуымыздың, емлеміздің бірнеше ғасырлық тарихы бар. XX ғасырдың басына дейін қолданылып келген жазуды А. Байтұрсынұлы «қисық емле» деп атап, оны түзету жолдары негізінде әліпби ұсынып, оқу құралдарын жазғаны белгілі. А.Байтұрсынұлының 1912–1927 жылдар аралығындағы еңбектерінде қазақ тілінің емле ережелері едәуір жүйеленді [1; 2; 3]. Қазақ жазу тарихындағы ең алғашқы емле ережелерін ұсынған А.Байтұрсынұлы деп айта аламыз.

Қазақ жазуы тарихында Үкімет деңгейінде ресми бекіген төрт емле ережесі болды:

1) араб әліпбиіне негізделген емле ережесі 1923 жылы бекіді. 12 тараудан тұратын бұл емлені Халел Досмұхамедұлы төрағалық еткен Қазақ-қырғыз білім комиссиясы арнайы бұйрықпен бекіткен және ол кітапша ретінде шығып, таратылған. Бірақ бұдан кейін де араб жазуына негізделген емле ережелерін жетілдіру, толықтыру, түзету жұмыстары толастаған жоқ. Атап айтқанда:

- 1924 жылы Орынборда (12–18 маусым – 7 күн);

- 1926 жылы Бакуде (26 ақпан-5 наурыз – 8 күн) өткен жиындарда қызу талас-тартыспен талқылانған болатын;

2) латын әліпбиіне негізделген емле ережесі 1929 жылы 25 шілдеде бекіді. Бұл ереже латын әліпбиі қабылданғаннан кейін 6 айдан соң бекіген (латын әліпбиі қаңтарда қабылданды). Төл сөздерге 12 тарау, кірме сөздерге 18 тарау арналған. Бұл емле ережесі 1929 жылы Қызылордада (2–4 маусым – 3 күн) өткен жиында талқыға түскеннен кейін қабылданды;

3) 1957 жылы 5 маусымда кирилл әліпбиіне негізделген «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері» бекіді. Ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумымен бекіген;

4) 26 жылдан кейін 1983 жылы 25 тамызда кирилл әліпбиіне негізделген қазақ емле ережелері Жоғарғы Кеңес Президиумымен екінші рет бекіді.

1983 жылғы емле ережесінен кейін Үкімет деңгейінде емле бекіген жоқ. Алайда академик Р.Сыздық тарапынан емле ережелерін жетілдіру, еніп жатқан өзгерістерді нормалап, орнықтыру мақсатында Анықтағыштар

шықты. Анықтағыштың ең алғашқы басылымы 1960 жылы, толықтырылған екінші басылымы 1974 жылы, үшінші басылымы «Емле және тыныс белгілері» деген атаумен 1996 жылы, төртінші басылымы «Қазақ тілінің анықтағышы» деген атаумен 2000 жылы жарыққа шықты.

Қазақ жазу тарихын арнайы зерттеген профессор Қ. Күдеринова: «Жазудың доминанттық сипаты сөз институттары – мектеп, университет, кеңсе, баспа, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – мәдени құндылықтарының маңыздануынан және осыдан келіп бүкіл оқыту (мектеп, университет), басқару (кеңсе), ойды эксплицитті түрде сыртқа шығару (баспа өкілдері), хабарлау (БАҚ) жүйесінің жазуға негізделуінен шығады. Аудиалды (радио, аудиотаспа), видео-аудиалды (теледидар, бейнетаспа), БАҚ-тың өзінде ақпараттық хабарлар, көркем әдеби бағдарламалар алдымен жазуда жүйеленіп, сөйленеді» [4, 7-б.], – деп тұжырымдайды. Демек, жазба коммуникациядағы сауаттылық ғалым атап көрсеткен салаларда қатаң сақталуы қажет.

Жалпы қазақ тіл біліміндегі орфография, жазу нормасы, тілдік бірліктерді кодификациялау, жазба коммуникацияны біріздендіру мәселесі ХХ ғасырдың басында ғана қолға алынып, А. Байтұрсынұлы [5], Қ. Жұбанов [6], Е.Омаров [7], Х. Досмұхамедұлы [8], Қ. Кемеңгерұлы [9], Қ. Басымов [10] сынды алаш зиялылары қазақ жазуын реттеген болатын. Одан кейін І. Кеңесбаев [11], Р. Сыздықова [12], Н. Уәли [13], А. Алдаш [14] т.б. ғалымдар жалғастырып, бүгінгі жазу нормасын қалыптастырды.

1983 жылдан бері ресми түрде емле бекімесе де, жазудағы өзгерістер орфографиялық сөздіктерге енгізіліп, соның негізінде емле мәселелері реттеліп келді. Десек те емле ережесінің Үкімет деңгейінде қайтадан бекімеуі себепті жазудағы ала-құлалық қатты байқалады. Қазіргі таңда интернет кеңістіктің кең көлемдегі қолданысы, әлеуметтік желілердің түр-түрінің пайда болуы жазу нормасының бұзылуына әсер етіп жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Осымен байланысты ұлттық жазудың ортологиялық құралдарын жетілдіру мақсатында:

1) «Егемен Қазақстан», «Сарыарқа», «Астана ақшамы», «Saryarqa samaly» газеттерінен деректер қоры жинақталды;

2) еліміздегі үш жоғары оқу орнынан диктант алынды. Диктант алуға мақсат – қазіргі жастардың жазу сауаттылығындағы өзгерістерді, ерекшеліктерді анықтау. Сараптама негізінде ортологиялық құралдарды жетілдіруге қатысты мәліметтер жинақтау көзделген болатын. Диктант мәтініне тыныс белгілері, ономастикалық атаулар, шылаулар, бірге-бөлек таңбаланатын сөздер (ұлттық ойын атаулары, зоологиялық атаулар, өсімдік атаулары, құс атаулары, көлік, тасымал түрлері мен техникаға, тұрмыстық заттарға қатысты сөздер, қуаныш пен мерекеге қатысты сөздер, адамды

сипаттайтын тұрақты тіркестер), кірме сөздер (араб, парсы, шеттілдік), босан норма мен әртүрлі нұсқада жазылып жүрген сөздер, қысандарға қатысты, бас әріпке қатысты мәліметті қамтитын бірліктер алынды.

Газеттерден жинақталған пунктуациялық және орфографиялық қателер негізінде ортологиялық құралдарды жетілдіруге қатысты бірнеше мәселе анықталды. Атап айтқанда:

1 Түпнұсқа тілінде, латын және кирилл графикалары негізінде жазылып жүрген жарыспа орфограммаларға қатысты жаңадан ереже қосу қажет. Мысалы, «Астана ақшамы» газетінен алынған тілдік деректерге назар аударайық:

YouTube дейсіз бе, Instagram, TikTok дейсіз бе, бала үшін қызықтың бәрі – кішкентай темірдің ішінде (Астана ақшамы, «Телефонға телмірушілер заманы», 6 маусым, 2024 ж.).

Бірақ ағылшын я басқа шет тілінде болғасын көбі біле бермейтін болар, үш тілге жетік қыздарымның аудармасымен бірнеше клип, видеоларды ютубтан, тик-токтан қарап, ақырына дейін қарауға шыдамым жетпей, жағамды ұстадым (Астана ақшамы, «Жастар санасы уланбасын», 7 маусым, 2024 ж.).

Бұл жерде әлеуметтік желі атауларын екі түрлі нұсқада (*YouTube, Instagram, TikTok* және *ютубтан, тик-ток*) беру мәселесі орын алып тұр. Бұндай атаулардың таңбалануын нақтылайтын ереже қажет.

2 Тілімізге жаңадан еніп жатқан кейбір кірме сөздердің жазылуын Орфографиялық сөздікте белгілеу қажет. Мысалы:

Мемлекеттік кірістер комитетінің web-порталы – cabinet.salyk.kz, eGOV-ma moldir.qoldau.kz, e-Salyk Azamat, eGov mobile, Halyk мобильді қосымшалары арқылы тапсыруға болады (Saryarqa samaly, «Қыркүйекке қалдырмаңыз», 28 наурыз, 2024 ж.).

Емдеу-сауықтыру шипажайларына жолдама алу, инвентакси қызметтерін жетілдіру, мүгедектігі бар адамдарды арнайы арбалармен қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды (Saryarqa samaly, «Тұрғындарды не толғандырады», 29 ақпан, 2024 ж.).

Бүгінде этно үлгідегі төбетайлар 3500 теңге, сырғалар 1500 теңге, алқа-өңіржиектер 2500-3000 теңге аралығында болса, шекеліктер 3000–4000 аралығында тұрады, – деді шебер (Saryarqa samaly, «Ұлттық әшекейлер – әсемдіктің белгісі», 28 наурыз, 2024 ж.).

2015 жылы ұлттық әшекейлерді өзіне және жақын туысқандарына жасап бастаған екібастұздық шебер қазір одан өзге тақияларды этно-стильде өз қолымен тігуде (Saryarqa samaly, «Ұлттық әшекейлер – әсемдіктің белгісі», 28 наурыз, 2024 ж.).

Мұнда концерттік алаң, **фудкорт**, мұз айдыны/роллер алаңы, скейт, *Workout*, баскетбол, балалардың ойын алаңдары, жағалауы бар көл, демалу орындары, жас жұбайлар мен тұлөктер алаңы, құрғақ субұрқақтар, иттерді серуендетуге арнаған аумақ және тағы басқасы қарастырылған (Saryarqa samaly, «Демалыс қолайлы болмақ», 2 мамыр, 2024 ж.).

Бұл мысалдарда кездесетін *web-портал*, *инватакси*, *этно үлгі*, *этно-стиль*, *фудкорт* тәрізді тілімізге кейіннен енген тілдік бірліктер соңғы шыққан Орфографиялық сөздікте жоқ. Осы тәрізді тілдегі жаңашылдықтар жинақталып, сөздікке енгізілуі және олардың жазылымына қатысты ережелер ұсынылуы қажет.

Сонымен қатар газеттен жиналған мысалдар негізінде қысқарған сөздердің базасын жасау қажеттілігін аңғардық. Бұқаралық ақпарат құралдары қысқарған сөздерге тұнып тұр. Қарапайым оқырманға түсінікті болуы үшін қазіргі тілдік қолданыстағы барлық қысқарған сөздердің тізімін жасап, түсіндірмесін беру аса маңызды. Мысалы:

Облыс әкімі **ӘКК** қызметінің бағыттарын негізге ала отырып, осы жылға 3–5 KPI айқындауды және одан әрі даму тұжырымдамасын ұсынуды тапсырды (Saryarqa samaly, «Құрылыс саласы сын көтермейді», 30 мамыр, 2024 ж.).

Астанада нашақорлыққа қарсы күрес күні қарсаңында полиция департаменті қызметкерлерінің, спорт секциялары мен **ҰЕҰ** жастар қозғалыстары өкілдерінің, сондай-ақ барлық ниет білдірушілердің қатысуымен веложарыс өтеді (Астана ақшамы, «Астана – есірткісіз қала!», 7 маусым, 2024 ж.).

Астанадағы № 10 емхана базасында құрылған Республикалық **БМСК** орталығының дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімшесінің меңгерушісі (Астана ақшамы, «Тегін дәрі кімдерге қолжетімді?», 6 маусым, 2024 ж.).

Сол үшін алдымен сатушының деректерін, интернет дүкеннің атауы, **БСН**, байланыс деректері және басқа да мәліметтерін міндетті түрде тексеруге кеңес беремін, – дейді мекеме басшысы (Saryarqa samaly, «Тұтынушы, құқығыңды біл!», 28 наурыз, 2024 ж.).

Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында шеттілдік сөздердің түпнұсқа тілдегі қысқарған нұсқасы алынған:

Себебі **ІРО** нәтижесінде компания акциялары айналымға енгізілген (Saryarqa samaly, «Мұнай зауыты сатылмайды», 28 наурыз, 2024 ж.).

Қазіргі уақытта келіссөздер туралы айтуға әлі ерте. Иә, отандық кәсіпорынның бірінің жартысы «ҚазМұнайГаз» компаниясының, жартысы **СНПС** компаниясының иелегінде (Saryarqa samaly, «Мұнай зауыты сатылмайды», 28 наурыз, 2024 ж.).

Облыс әкімі ӘКК қызметінің бағыттарын негізге ала отырып, осы жылға 3–5 КРІ айқындауды және одан әрі даму тұжырымдамасын ұсынуды тапсырды (Saryarqa samaly, «Құрылыс саласы сын көтермейді», 30 мамыр, 2024 ж.).

ЖОО-дан алған диктант нәтижесі мектептерде орфографиялық сауаттылыққа баса мән бермейтінін көрсетті, соның салдарынан қазіргі жастардың жазуында бірізді сауаттылық нормасы жоқ екені анықталды. ЖОО студенттерінен диктант алу арқылы жастар санасындағы тілдік өзгерістер мен олардың емле нормаларын сақтау-сақтамау деңгейі анықталды.

Жазудағы сауаттылық 11 жыл бойы мектепте берген білім мен дағдыға негізделеді. Сол дағдының ішіндегі ең бастысы – орфографиялық дағды. Ол өте күрделі процестен тұрады. Орфографиялық дағды қалыптастырудың ең басты үш шарты бар:

- 1) оқушыға жеңілден күрделіге қарай емле ережелерін әбден меңгерту;
- 2) емле ережелерін пайдалана алуға үйрету;
- 3) емле ережелерін практикада қолдана алуға бағытталған жаттығуларды көп беру. Сонда орфографиялық дағдысы қалыптасқан жазарман:

- 1) сөздің дыбыстық құрамын талдай алады;
- 2) грамматикалық біліміне сүйене отырып, орфограмманы тани алады;
- 3) сол сөзді жазуға арналған ережені біледі және ұмытпайды.

Диктант негізінен 1 курс студенттерінен алынды, ал 1 курс студенті – мектепті жаңадан бітіріп келген, жазу сауаттылығы толық қалыптасқан тұлға. Диктант нәтижесінде мектептерде орфографиялық дағдының дұрыс қалыптаспайтыны байқалды. Диктант жазып отырған студент бір мәтін ішіндегі жазылуы ұқсас сөздерді әрқалай таңбалаған: *оқ жылан, сұжылан; сары балшық, ақбалшық; Мақтаарал, Сарағаш, Талдыарал, Талдапан.*

Екіншіден, мектептерде емле ережелері жүйелі түрде оқытылмайтыны да байқалды. Мысалы, студенттердің басым бөлігі шылауларды бірге жазған, тыныс белгілерін дұрыс қоймаған. Яғни бала 11-сынып бітіргенге дейін шылаудың сөзден бөлек жазылатынын меңгеріп шықпаған. Бұл, бір жағынан, барлық пәндерде жазу сауаттылығына мұғалімдер тарапынан мән берілмейтіндігін көрсетеді.

Үшіншіден, қазіргі жастардың жазуында бірізді сауаттылық нормасы жоқ екені анықталды. Мысалы, әр студент бір сөзді әртүрлі нұсқада жазған: *тоты құс, тотықұс, тоты-құс, тотығұс; түйеқұс, түйе-құс, түйе құс; ұланғайыр, ұлан ғайыр, ұлан-ғайыр, ұлан қайыр; әртүрлі, әр түрлі, әр-түрлі; мекен жай, мекен-жай, мекенжай; сұхбат, сұқбат, сұқпат, сұхпат т.б.* Тіпті оқуын биыл бітіретін 4 курс филолог мамандар тарапынан да осындай кемшіліктер көптеп кездесті.

Төртіншіден, мектепте орфографиялық сауаттылыққа жете мән берілмейтіні 511 студенттің ішінен диктантты мүлде қатесіз жазған бір де бір бала кездеспегенінен байқалды.

Диктанттарға жасалған сараптама қорытындысы бойынша мектептерде орфографиялық дағдының дұрыс қалыптаспайтыны, емле ережелері жүйелі түрде оқытылмайтыны, мектепте орфографиялық сауаттылыққа жете мән берілмейтіні және қазіргі жастардың жазуында бірізді сауаттылық нормасының жоқтығы анықталып отыр. Оны төмендегі статистикалық зерттеу нәтижесінен анық байқауға болады. Тыныс белгісін дұрыс қоймау немесе тыныс белгісін мүлде елемей үрдісі жастар арасында қатты белең алғаны байқалады. Мысалы, бастауыштан кейін қойылатын сызықшаға қатысты сөйлемде диктант жазған 100 пайыз студенттің 3 пайызы ғана дұрыс көрсеткен, қалған 67 пайызы қате жазған:

Академик Р.Сыздық: «Тіл – халықтың ең басты, ең қажет, ең оңтайлы, ең күшті қорғаны», – дейді (3 % дұрыс жазған).

Академик Р.Сыздық тіл халықтың ең басты, ең қажет, ең оңтайлы, ең күшті қорғаны дейді (67 % қате жазған).

Немесе тырнақшаға қатысты:

Шәмиі ел арасында «Вальс королі» атанған (21 % дұрыс жазған).

Шәмиі ел арасында вальс королі атанған (70 % қате жазған).

Сонымен қатар санмен келетін сөздерді жазудың да бірізді жүйесі жоқ екені анық байқалды. Мысалы:

300-ден аса – 41 %

300 ден аса – 28 %

300 аса – 4 %.

Қазіргі жастардың санасында шылауларды толық мәнді сөздермен біріктіріп жазу үрдісі қалыптасып келе жатқаны анықталды. Бұл мектептерде жазу сауаттылығына аса қатты мән берілмейтіндігін байқатады. Мысалы:

Табиғат құбылыстары да әр өлкенің климатына сәйкес (68 % дұрыс жазған).

Табиғат құбылыстарыда әр өлкенің климатына сәйкес (32 % қате жазған).

Өзен-көлдер мен тау-тастарда (60 % дұрыс жазған).

Өзен-көлдермен тау-тастарда (40 % қате жазған).

Сонымен қатар арнайы ереженің болмауы салдарынан *отан, елорда, гимн* сөздерінің не бас, не кіші әріппен жазылатыны бірізді жүйеге түспеген:

Отан – 37 % бас әріппен жазған;

отан – 48 % кіші әріппен жазған;

Елорда – 4 % бас әріппен жазған;

елорда – 49 % кіші әріппен жазған.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні – 3 % бас әріппен жазған;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимні – 90 % кіші әріппен жазған.

Сондай-ақ ономастикалық атаулар да қазіргі жазба коммуникацияда бірнеше нұсқада таңбаланып жүр. Мысалы,

1-кесте

Адам аты	Жер аттары
Жәмилә – 36 %	Сарыбұлақ – 59 %
Жәмиля – 27 %	Сары бұлақ – 29 %
Жәмила – 16 %	Сарбұлақ – 2 %
Жамиля – 3 %	Сары-бұлақ – 3 %
Жамила – 1 %	Жаңаарқа – 7 %
	Жанарқа – 51 %
	Жаңарқа – 19 %

Сонымен қатар күрделі сөздерді әртүрлі таңбалау үрдісі қалыптасқаны анықталды.

2-кесте

Күрделі сөз	Пайыздық көрсеткіші
қосазаматтық	40 % бірге жазған
қос азаматтық	50 % бөлек жазған
ауылшаруашылық	38 % бірге жазған
ауыл шаруашылық	55 % бөлек жазған
ауылшаруашылығы	30 % бірге жазған
ауыл шаруашылығы	70 % бөлек жазған
құқықбұзушылық	30 % бірге жазған
құқық бұзушылық	70 % бөлек жазған
сарыауру	42 % бірге жазған
сары ауру	58 % бөлек жазған

ӨЗ-НАУРЫЗ сөзі Орфографиялық сөздікке енбеген. Диктант нәтижесі бұл сөздің сегіз түрлі нұсқада жазылып жүргенін аңғартты. Мысалы:

- 1) өз-наурыз – 30 %
- 2) өз наурыз – 27 %
- 3) өз-Наурыз – 9 %
- 4) Өз-наурыз – 8 %
- 5) эзнаурыз – 8 %

6) эз Наурыз – 6 %

7) аз наурыз – 3 %

8) аз-наурыз – 3 %.

Сондай-ақ Орфографиялық сөздікке енбеген төмендегідей кірме сөздер де бірнеше нұсқада жазылып жүр:

3-кесте

1) онлайн бизнес – 75 %	1) кофе брейк – 60 %
2) онлайн-бизнес – 11 %	2) кофе-брейк – 12 %
3) онлайнбизнес – 2 %	3) кофебрейк – 10 %
4) online bissiness – 1 %	
1) вип палата – 75 %	1) айти маман – 66 %
2) вип-палата – 10 %	2) IT маман – 17 %
3) виппалата – 4 %	3) IT-маман – 4 %
4) vip палата – 3 %	4) it маман – 4 %
5) VIP-палата – 3 %	5) айти-маман – 4 %

Бұл статистикалық зерттеуден байқағанымыз, емле ережесінің ресми түрде бекітілмеуі және ортологиялық құралдардың (орфографиялық сөздік, анықтағыш, емле ережесі) уақытылы жетілдірілмеуі, толықтырылмауы салдарынан жазба коммуникацияда кейіннен енген шеттілдік сөздердің басым бөлігі әртүрлі нұсқада жазыла бастаған. Сондықтан оларды кодификациялау бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі жазарман қауымның санасында орныққан әрі дұрыс деп қабылданған жазу жүйесі емле ережелері арқылы бекітіліп, ортологиялық құралдар арқылы реттеліп отыруды қажет етеді. Жоғарыдағы талдауларды түйіндей келе, мынадай қорытынды шығарамыз:

- мектеп оқушыларынан 11-сыныпқа дейін тұрақты түрде диктант алынуы қажет;

- диктант алудың стандартын енгізу керек: диктант мәтіні нақты емле ережесін үйретуге бағытталуы керек (тек шылауға арналған; тек дефиспен жазылатын сөздерге арналған мәтін т.б.);

- барлық пән мұғалімдеріне қысқа да нұсқа қарапайым тілмен жазылған емле ережелері таратылуы қажет (брошюра);

- барлық пән мұғалімдеріне қысқа да нұсқа жазылған пунктуациялық ереже таратылуы керек (брошюра);
- филолог мамандарға университет бітіргенше емле ережелері оқытылуы қажет («Сауаттылық», «Сауатты жазу» тәрізді курстар енгізу);
- мектептерде грамматиканы оқытудың азайып, лексикалық тақырыптарға көшіп кетуі де оқушы сауаттылығына тікелей әсер ететін мәселе болғандықтан, бұл Үкімет деңгейінде қайта қаралуы қажет.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Байтұрсынұлы, А.** Тіл-құрал. Қазақ тілінің сарфы [Текст]. – Орынбор, 1914.
- 2 **Байтұрсынұлы, А.** Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері [Текст]. – Орынбор, 1924.
- 3 **Байтұрсынұлы, А.** Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері [Текст]. – Семей, 1927.
- 4 **Күдерина, Қ.** Қазақ жазуының тарихы мен теориясы [Текст]. – Алматы : Елтаным, 2013. – 242-б.
- 5 **Байтұрсынұлы, А.** Тіл тағылымы [Текст]. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 448-б.
- 6 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст]. – Алматы : Ғылым, 1999. – 581-б.
- 7 **Омаров, Е.** Емле туралы [Текст] // Еңбекші қазақ. – 1929. – 7 мамыр.
- 8 **Досмұхамедұлы, Х.** Таңдамалы [Текст]. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 384-б.
- 9 **Кемеңгерұлы, Қ.** Емлені түзету туралы [Текст] // Еңбекші қазақ. – 1929, 19 ақпан.
- 10 **Басымов, Қ.** Түрлі түсті сөздердің жазылуы туралы [Текст] // Халық мұғалімі. – 1938, № 3–4.
- 11 **Кеңесбаев, І.** Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика [Текст]. – Алматы, 1962. – 260-б.
- 12 **Сыздықова, Р.** Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы) [Текст]. – Астана : Елорда, 2000. – 532-б.
- 13 **Уәли, Н.** Графика. Орфография. Орфоэпия [Текст]. – Алматы, 2018. – 250-б.
- 14 **Алдаш, А.** Қазақ ортологиясы [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 296-б.

References

- 1 **Baitürsynұly, A.** Tıl-qūral. Qazaq tılınıñ sarfy [Language is a tool. Sarf of the Kazakh language] [Text]. – Orynbor, 1914.
- 2 **Baitürsynұly, A.** Tıl-qūral. Dybys zañy hām türlerı [Language is a tool. The law of sound and types] [Text]. – Orynbor, 1924.
- 3 **Baitürsynұly, A.** Tıl-qūral. Dybys jüiesı men türlerı [Language is a tool. Sound system and types] [Text]. – Semey, 1927.
- 4 **Küderinova, Q.** Qazaq jazuyınyñ tarihy men teoriasy [History and theory of Kazakh writing] [Text]. – Almaty : Eltanym, 2013. – 242 p.
- 5 **Baitürsynұly, A.** Tıl tağylymy [Language lessons] [Text]. – Almaty : Ana tılı, 1992. – 448 p.
- 6 **Jūbanov, Q.** Qazaq tılı jönindegı zertteuler [Research on the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1999. – 581 p.
- 7 **Omarov, E.** Emle turaly [About the spelling] [Text] // Eñbekşı qazaq. – 1929. – 7 May.
- 8 **Dosmūhamedūly, H.** Tañdamaly [Selected works] [Text]. – Almaty : Ana tılı, 1998. – 384 p.
- 9 **Kemeñgerūly, Q.** Emlenı tüzetu turaly [About spelling correction] [Text] // Eñbekşı qazaq. – 1929. – 19 February.
- 10 **Basymov, Q.** Tūrlı tūstı sözderdıñ jazyluy turaly [About the spelling of color words] [Text] // Halyq mūğalımı. – 1938. – № 3–4.
- 11 **Keñesbaev, I.** Qazırğı qazaq tılı. Leksika. Fonetika [Modern Kazakh language. Vocabulary. Phonetics] [Text]. – Almaty, 1962. – 260 p.
- 12 **Syzdyqova, R.** Qazaq tılınıñ anyqtağyşy (emle, tynys belgilerı, söz sazy) [Determinant of the Kazakh language (spelling, punctuation, orthoepy)] [Text]. – Astana : Elorda, 2000. – 532 p.
- 13 **Uāli, N. Grafika.** Orfografia. Orfoepia [Graphics. Spelling. Orthoepy] [Text]. – Almaty, 2018. – 250 p.
- 14 **Aldaş, A.** Qazaq ortologiasy [Kazakh orthology] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2021. – 296 p.

17.02.25 ж. баспаға түсті.

11.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. М. Мамырбек¹, А. А. Хабиева²,

Ж. Б. Ермекова³, Ф. Б. Кожжахметова⁴

^{1,2}Институт языкознания имени А. Байтурсынулы,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Казахский агротехнический исследовательский

университет имени С. Сейфуллина,

Республика Казахстан, г. Астана;

⁴Казахский национальный медицинский

университет имени С. Д. Асфендиярова,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 17.02.25.

Поступило с исправлениями 11.04.25.

Принято в печать 26.05.25.

ПРАВОПИСАНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ПИСЬМЕННОЙ КОММУНИКАЦИИ: ОБОБЩЕНИЕ, РЕЗУЛЬТАТЫ АНАЛИЗА

В статье представлена информация о правилах правописания, официально принятых Правительством в истории казахской письменности, проанализированы изменения и особенности современной нормы письма. На основе собранного из средств массовой информации эмпирического материала и результатов анализа письменных работ (диктантов) студентов ВУЗов выявлены трудности современной письменной коммуникации. В ходе анализа были рассмотрены причины, по которым одно и то же слово маркируется в разных вариантах, определен ряд лексических единиц, используемых с нарушениями правил употребления слов. Выявлены типы ошибок, допускаемых при письме со стороны пишущих, предложены пути их решения. Рассмотрены виды орфограмм, вносящих разноречие в единство передачи слов, и способы их кодификации. Письмо – главное средство языка, имеющее языковую систему и структуру, закрепленное с точки зрения литературного языка. Если в письме не соблюдается последовательность, это подвергает пишущего проблемам в письменной коммуникации. Поэтому общество должно руководствоваться ортологическими средствами и подчиняться правилам правописания. Результаты исследования в статье и рекомендации авторов могут внести определенный вклад в совершенствование ортологических средств.

Ключевые слова: правила правописания, письменная коммуникация, норма письма, ортологические средства, кодификация.

*G. M. Mamyrbek¹, A. A. Khabiyeva²,

Zh. B. Yermekova³, F. B. Kozhakhmetova⁴

^{1,2}A. Baitursynuly Institute of Linguistics,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

³S. Seifullin Kazakh Agrotechnical

Research University,

Republic of Kazakhstan, Astana;

⁴S. D. Asfendiyarov Kazakh National

Medical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 17.02.25.

Received in revised form 11.04.25.

Accepted for publication 26.05.25.

SPELLING IN MODERN WRITTEN COMMUNICATION: GENERALIZATION, ANALYSIS RESULTS

The article provides information about the spelling rules officially adopted by the Government in the history of Kazakh writing, analyzes the changes and features of the modern writing norm. Based on empirical material collected from the mass media and the results of the analysis of written works (dictations) of university students, the difficulties of modern written communication have been identified. During the analysis, the reasons why the same word is marked in different variants were considered, and a number of lexical units used in violation of the rules of word usage were identified. The types of errors made in writing by the writers are revealed, and ways to solve them are proposed. The types of orthographs that introduce discrepancies into the unity of word transmission and the ways of their codification are considered. Writing is the main means of language, having a linguistic system and structure, fixed in terms of literary language. If there is no consistency in the letter, this exposes the writer to problems in written communication. Therefore, society should be guided by orthological means and obey the rules of spelling. The results of the research in the article and the recommendations of the authors can make a definite contribution to the improvement of orthological tools.

Keywords: spelling rules, written communication, writing norm, morphological means, codification.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz